

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 қазандағы N 1288 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 968 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 87 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.02.08 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. "Қазақстан Республикасының жер қойнауын мемлекеттік сараптау туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 қазандағы N 1288 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 43, 411-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбындағы "туралы ережені" деген сөздер "ережесін" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

кіріспедегі "Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 Заң күші бар Жарлығын " деген сөздер "Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заңын " деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші абзацтағы "туралы Ереже" деген сөздер "ережесі" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының жер қойнауын мемлекеттік сараптау туралы ережеде:

мәтіндегі "Бекітілген" деген сөздің мемлекеттік тілдегі нұсқасы өзгеріссіз қ а л а д ы ;

тақырыбындағы "туралы ереже" деген сөздер "ережесі" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5 - тармақ алынып тасталсын ;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Жер қойнауын мемлекеттік сараптауды Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі - ҚМК) жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 9-1, 9-2, 9-3-тармақтармен толықтырылсын:

"9-1. Жер қойнауын пайдалануға құқығы бар жеке немесе заңды тұлға жер қойнауын геологиялық зерделеу және игеру бойынша орындалған жұмыстар

туралы материалдарды есеп нысанында ҚМК-ның қарауына ұсынады.

9-2. Сараптама тәуелсіз сарапшылар мен сарапшы топтар тартыла отырып, материалдар ҚМК-ға ұсынылған сәттен бастап үш айға дейінгі мерзімде жүргізіледі.

9-3. Егер ҚМК теріс қорытынды берген жағдайда жер қойнауын пайдаланушының ҚМК-нің хаттамасында жазылған ескертулер мен ұсынымдарды ескере отырып, оларды қайта өңдеу шартымен, материалдарды қайталама сараптамаға беруге құқығы бар.";

11-тармақтағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау" деген сөздер "геология және жер қойнауын пайдалану" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақтағы "немесе ПҚАК" деген сөздер алынып тасталсын, "қорларды санаттар бойынша бөлу," деген сөздерден кейін "қатты пайдалы қазбалардың көлемі мен оны тәжірибелік пайдалану мерзімі" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі